Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

2 шілде сенбі
№52 (1857)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Бейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала халқымен кездесу өткізді. Жиынға Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Эльдар Күзенбаев арнайы қатысты.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН МӘСЕЛЕ КӨП

Кездесу барысында аймақты дамытудың негізгі қадамдары сараланды. Ең маңызды деген инфрақұрылым, қоғамдық көлік жайы қозғалды. Халықтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстарға басымдық берілетіні айтылды.

2 БЕТТЕ

250 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

СПМК-70 тұрғын ауданынан 250 отбасыға баспана кілті табысталды. Жаңа пәтерлердің кілтін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев үй иелеріне салтанатты түрде табыстады.

Тұрғындарды баспанамен қамту мәселесі аймақта жолға қойылған. Оған жыл сайын зәулім үйлердің бой көтеруі дәлел. Соңғы жылдары қаламызда көпқабатты үйлердің қатары артты. Соның бірі биыл қаланың 250 тұрғынына бұйырды.

Жиында жұртшылықты қуанышты сәтімен құттықтаған аймақ басшысы:

– Соңғы жылдары Сыр өңірінде тұрғын үй құрылысы қарқын алып, қала аумағы әлдеқайда кеңейді. Зәулім ғимараттар бой көтеріп, шаһардың сәулеттік келбеті көркейе түсті. Бүгін де жаңа тұрғын үйді пайдалануға беріп, отбасылардың қуанышын еселемекпіз.

Жаңа баспаналарыңыз татулық пен берекенің ордасы болып, қуаныш пен бақыт, құт пен ырыс салтанат құрсын! Қуаныштарыңыз көбейе берсін! Шаңырақтарыңызға шаттық орнасын! Сіздерді құттықтай отырып әр отбасыға жақсылық, ынтымақ пен бірлік, амандық тілеймін, – деп ізгі тілегін жеткізді.

Өз кезегінде қоныстанушылар пәтер іргесін қалаған құрылысшыларға алғыс білдіріп, еңбек ардагері Қорғанбек Қайруллаев ақ батасын берді.

Ресми мәліметке сүйенсек, үш жыл көлемінде өңірде бой көтерген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 315,4 мың шаршы метрге жеткен. Яғни 172 көпқабатты үй салынған. Қазіргі таңда қалада сатып алу құқығынсыз жалға берілетін 10 үйдің құрылысы жүргізілуде.

Ақмешіт-ақпарат

Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында Сырдың дарабоз ақыны Дүйсенбек Аяшұлының 60 жылдық мерейтойына арналған дүбірлі кеш өтті.

АЛАШТЫҢ АЯШҰЛЫ АЛПЫСТА

«Сырдың Қадыры» аталып кеткен жыр алыбының мерейтойын Сырдың сыршыл ақын қызы Толқын Қабылша жүргізді. Қарымды қаламгерді облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов құттықтап, облыс әкімінің Құттықтау хатын табыстады. Ізгі тілегін арнап, ақынның иығына шапан жауып, құрмет көрсетті.

3 БЕТТЕ

ҰАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН, ҚОҒАММЕН ТІЛДЕСКЕН

А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне арналған «Қанатты қалам – 2022» салтанатты шара өтті. Мерекелік кешке облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, төртінші билік өкілдерін төл мерекемен құттықтап, үздік журналистерді марапаттады.

– Ақпарат тасқыны алапат дәуірде таңдаған мамандығына адал болып, ұстанымын өзгертпеген, қалам қасиетін ардақ тұтқан журналистер қауымына жақсы тілектерімізді айту үшін жиналып отырмыз. Өздеріңіздей туған жердің тарихын қадір тұтып, бүгінгісіне марқайып, ертеңіне алаңдайтын қауыммен жүздесу – біз үшін үлкен қуаныш. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ел дамуының барлық кезеңдерінде бүгінімізді бекем, болашағымызды жарқын ету жолында сіздер де зор үлес қосып, ең қиын сәттерде жүректерге сенім ұялататын шынайы ақпарат тараттыңыздар, халықтың ертеңге деген сенімін арттырдыңыздар. Сенсацияны мақсат тұтқан жаңалықтардың ақ-қарасын ажыратып, көрермен мен оқырманға дұрысын жеткізу үшін тынбай еңбек еттіңіздер. Ағайынның ауызбірлігі, қалтқысыз сенім, қиналғанда бір-біріне қол созған қайырымды жандар туралы көрсетілім, мақала ұйымдастырасыздар. Сол үшін де сіздерге Сыр жұртшылығы атынан зор ризашылығымды білдіремін, ел үшін жасап жүрген еңбектеріңізге бас иеміз, − деді облыс әкімі.

2 БЕТТЕ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қант қатқа айналған уақыт болды. Дүкендерде азық-түлікті жан басына өлшеп берген кезде кейде қант жетпей қалатын, тіпті табылмайтын кездер де болмай қалмады. Сонда ауылда әрбір үйдің дастарханында қуырылған бидай тұратын. Майға бабымен қуырылған бидайдан тәтті ешнәрсе жоқ. Күтір-күтір етіп жегенді қызық көреміз бе, дастарханнан тұрып бара жатып та, уысымызға бидай толтырып алмай кетпейтін едік. Балалық шағымыздағы осы бір көрініс соңғы күндері қант іздеп сабылып жүрген елді көргенде санамызда қайта жылт ете қалды.

ҚАНТ ҚАРБАЛАСЫ

Ол кезде қант неге жетпей қалды, неге тапшы деген сауалға бас қатырмаған едік. Бұл жолғы қант тапшылығы неден туды деген қоғамның сауалына жан-жақты ізденіп, оқырманға нақты ақпарат беру – міндетіміз.

4 БЕТТЕ

МҰНДА ТІЛ ҮЙРЕНУ ТЕГІН

Тіл меңгерудің бүгінгі қоғамда өзектілігі артты. Әсіресе ағылшын тілін меңгергендер қоғамда бір саты жоғары тұратыны жалған емес. Сондықтан бүгінде мектеп оқушыларынан бастап жасы үлкендер де тіл үйренуге көп көңіл бөледі. Әрине, білімге құйылған «инвестиция» қай кезде де жемісін берері анық. Алайда тіл үйрету курстарының бүгінде бағасы «аспандап» тұр. Ал тілді мемлекет тарапынан тегін үйренуге болатынын көбі біле бермейді.

Иә, расымен мемлекет қоғамның дамуы үшін бүгінге дейін біраз жоба жасады, әлі де жаңа бастамалар қолға алынуда. Оның игілігін көргендер де жоқ емес. Десе де кейде қоғамда «тегін» дүниеге салғырт қарайтын кездер кездеседі. Мемлекеттен берілген мүмкіндікті пайдаланбай, жеңілдіктерге жеңіл қарайтындар қатары көп. Одан бөлек мұндай пайдалы жобалар қоғам назарынан тыс қалып жататыны да шындық. Осы орайда оқырман қауымның назарына облыстық тілдерді оқыту орталығы туралы баяндауды жөн көрдік. Басты мақсат – қала тұрғындарына тиімділігі мен берері мол мекемені таныстыру.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдау мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жасалды. Бағдарламаға сай 2008 жылы Қызылордада алғаш рет облыс әкімдігі қаулысымен «Тілдерді оқытудың өңірлік орталығы» қызметін бастады. Бастапқыда мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ретінде ашылған мекемеде облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мекеме қызметкерлері ғана тегін тіл үйрене алатын.

Алайда 2016 жылғы 30 маусымда мекеме таратылып, ішкі саясат басқармасының №509 қаулысына сәйкес «облыстық ішкі саясат басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ретінде қайта құрылды. Міне, осы тұста орталық енді қала тұрғындарының игілігіне қызмет етуді қолға алды. Оқу орталығы мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді оқыту, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында қызмет көрсетеді.

2 БЕТТЕ

CNN CNN CNN

РЕСЕЙ-УКРАИНА: САЯСИ СОҒЫС

Ресейдің Украина жеріндегі соғысы әлі аяқталған жоқ. Бүгінде барлық әлем назары ауған бұл соғыс турасында өрбіп жатқан жаңалық та аз емес. Әсіресе осы аптада НАТО құрамындағы мемлекеттер Путинге қарсы саясатын одан әрі күшейту үшін бірнеше шешім қабылдап, еуропалық басшылар өз пікірлерін білдірді. Саяси жаңалықтар мен соғыстың соңғы ақпаратын CNN арнасы сағат сайын жаңғыртып, жариялап тұрды. «Әбігер әлемнің» кезекті мақаласында соғыс пен оның айналасындағы саяси текетірестердің бір сыпырасын оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

НАТО Швеция мен Финляндияны құрамына қосу үшін ресми шақырды. Бұл – Ресей президенті Владимир Путиннің Украинадағы соғысы жалғасып жатқан кезде Еуропаның қорғаныс блогын кеңейту мақсатында жасалған шешім.

«Финляндия мен Швецияның қосылуы олардың қауіпсіздігін арттырып, НАТО-ға күш қосады және Еуроатлантикалық аймақты қауіпсіздендіреді. Альянс үшін Финляндия мен Швецияның қауіпсіздігі, соның ішінде НАТО-ға қосылу процесі кезінде де тікелей маңызды», – делінген хабарламада.

Сәрсенбіде АҚШ президенті Джо Байден мен НАТО-ның басқа да жетекшілері Мадридте жиналып, Ресейдің Украинадағы соғысы бәсеңдемеуіне байланысты альянстың шығыс қанатында күштердің жаппай жинақтауды бастағанын жариялады. НАТО басшысы Йенс Столтенбергпен бірге қатысқан жиында Байден Мәскеудің агрессиясына қарсы қауіпсіздікті арттыру мақсатында жаңа әскери қозғалыс пен қару-жарақты жөнелту шарасы басталғанын айтты.

Бұл уақытта Луганск облыстық әскери әкімшілігінің басшысы Сергей Гайдай Лисичанскіге шабуыл жасамақ болған ресейлік әскерилер Украинаның шығысындағы 15 мыңдай адам қалған қаланы атқылап жатқанын мәлімдеді. Өз сөзінде қолбасшы қала аумағында қақтығыстар жалғасып жатқанын, украиналықтар ресейлік әскердің казармасы мен қару-жарақ қоймасына шабуыл жасап жатқанын айтты. Сондай-ақ оның сөзінше, ресми өкілдер ескерту жасағанымен 15 мыңға жуық қала тұрғыны майданнан шықпай отыр. Бұған толассыз жауған оқ пен тоқтаусыз қақтығыс себеп болуда.

Ал Владимир Путин сәрсенбіде Украинаның Кременчук қаласындағы сауда орталығындағы кем дегенде 18 адамның өмірін қиып, ондаған адамның із-түссіз жоғалуы мен жарақат алуына себеп болған шабуылға Ресейдің қатысы жоқ екенін мәлімдеді.

«Ресей армиясы ешбір азаматтық нысанаға шабуыл жасамайды. Бізге мұның қажеті жоқ. Бізде нақты жерлерді анықтауға толық мүмкіндігіміз бар және алыс қашықтыққа ұшатын қаруларымыздың арқасында біз өз мақсаттарымызға жеттік», – деді Путин Ашхабадта өткен «Каспий бестігі» саммитінде.

Сондай-ақ Владимир Путин Швеция мен Финляндияның НАТО-ға кіруіне еш алаңдаушылық білдірмейтінін айтты. Одан бөлек қандай да бір қауіп төндіру болса Ресей «дәл солай» жауап беретінін де ескертті.

«Швеция мен Финляндияның НАТО-ға қосылуы бізді алаңдатпайды. Тек ол жерге әскери контингенттер мен инфрақұрылымды орналастырса, біз де жауап беріп, қауіп төнген аумақтарда біз де қаруды күшейтеміз», – деді Путин.

Латвия премьер-министрі Кришьянис Каринс НАТО басшыларының Мадридте альянстың шығыс қапталындағы қорғанысын күшейту бойынша шешімдерін құптағанын және бұл «Мәскеу үшін өте айқын сигнал» екенін айтты.

«НАТО басшылары осы кезге дейін қорғанысты күшейтетінін бірнеше рет айтты. Бүгінде бұл сөздер нақты іс-әрекетке айналды. Біз әр метр жерімізді қорғайтын боламыз», – деді премьер-министр.

АҚШ ұлттық барлау орталығының директоры Ресейдің Украина жеріндегі соғысынан кейін қару-жарағын қайта күшейтуге біраз уақыт қажет болатынын, сол себептен «ядролық соғыс» қаупі артатынын айтты.

«Олардың құрлықтағы күшінің нашарлағаны сонша, қалпына келтіруге бірнеше жыл қажет болады. Бұл Ресейді «ассиметриялық құралдарға» көбірек тәуелді етуге, соның ішінде кибершабуыл, энергияны бақылауға немесе тіпті ядролық қаруды қолдануға итермелеуі мүмкін», – деді ол Вашингтондағы конференцияда.

4 БЕТТЕ

ТҰРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН МӘСЕЛЕ КӨП

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев өз сөзінде қалада заманауи ғимараттардың салынатынын ерекше атап өтті. Оның ішінде кәсіпкер Болат Өтемұратовтың демеушілігімен әуежай терминалы бой көтереді. Осылайша қала халқын толғандырған әуежай жайы оң шешімін табады.

Медицина саласын дамытуда да бірқатар шара қолға алынады. Жақын күндері облыстық қан орталығының іргесі қаланса, алдағы жылы 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсектік көпбейінді аурухана салынады. Облыс халқының игілігіне арналған жаңа жобалар мұнымен бітпейді. Неке сарайы, өнер орталығы, демеуші есебінен дарияның сол жағалауынан «Оқушылар сарайын» салу алдағы жылдардың еншісіне енген.

Өңірдегі ең ірі жобаның бірі – жылу электр станциясы болғалы тұр. Құны 215 млрд теңге, қуаттылығы 240 мегават болатын жоба тікелей Ұлттық экономика және Энергетика министрлігінің қолдауымен іске асады. Бұйыртса, бұл бастама 2025 жылы қолға алынады.

Аймақта қазіргі таңда су тапшылығы маңызды мәселеге айналған. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасымен бұл

Басы 1-бетте

бағытта 4 жоба, облыстық бюджет есебінен тағы 4 жобаны жүзеге асыру күн тәртібінде тұр. Сол жағалаудың сәнін келтіруде тыс қалмақ емес. Жаңа ауданды абаттандыру мақсатында «Гүл бульвары» жобасының құжаты әзірленуде.

Кездесуде ауыл-аймақ, аудан, қала төңірегіндегі негізгі мәселелер қозғалды. Тұрғындарды толғандырғаны газ, жол жөндеу, көшені жарықтандыру жайы. Мұның бәрі күн тәртібінен түспейтін, тек кезең-кезеңімен орындалатын мәселе екені белгілі. Аймақ басшысы бұл ретте арнайы іс-қимыл жоспары бекітілгенін жеткізді. Жұмыс жоспар бойынша атқарылады. Мәселен, қала шетіндегі Наурыз, Махамбетов елді мекенін газдандыру жұмыстары келер жылы аяқталады. Ал Қосшыңырау ауылдық округіне газ жүргізу үшін тиісті орындарға бюджеттік өтінімдер берілген.

Аймақтың инфрақұрылымын дамытуда жол жөндеу, жаяу жүргіншілер жолын салуға басымдық берілген. Бүгінде қаланың негізгі көшелерінің көбі асфальтталған. Десе де жөндеу қажет ететіндері де баршылық. Аталған бағытта қаланың 34 шақырым жолын жөндеуге 5,1 млрд теңге бөлініпті. Одан бөлек 19 жаяу жүргінші жолы, 13 көшеге орташа жөндеу жұмысы жасалады. Жарықтандыруда орталық көшелер диодты шамдармен безендіріледі. Облыстық бюджеттен 10 көшенің қиылысына бағдаршам орнатылады.

Аймақ басшысы атқарылатын жұмыстарды халық алдында осылайша саралады. Көпшіліктің бұдан өзге де сұрағына жауабын берді. Сонымен қатар азаматтарды жеке қабылдап, мәселесіне мән берді.

Ақмешіт-ақпарат

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қала әкімі Асылбек Шәменов жергілікті БАҚ өкілдерімен бірге қала аумағындағы бірқатар нысанды аралады.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТА САПА МАҢЫЗДЫ

Балалар жылына орай облыс әкімі мен жеке кәсіпкерлердің қолдауымен қаламызда 50 спорт және балалар ойын алаңдары салынады. Алғашқы жұмыстар басталып кетті. Қазіргі таңда «Бәйтерек» тұрғын ауданы, «Баламекен» ауылында жалпы ауданы шамамен 560 шаршы метр болатын аумақты спорттық тренажерлар, балалар ойын және футбол алаңының құрылысы жүріп жатыр. Қала әкімі жұмыс барысымен танысып, Ең бастысы сапаға мән беру қажеттігін атап айтты.

«Бәйтерек» тұрғын ауданының балаларын қуантуды «Корпорация Әлем-құрылыс» ЖШС мекемесі міндетіне алған. Ойын алаңының сапалы, қауіпсіз болуы мекеме басшысы Русланбек Сейтмұратовқа міндеттелді. Жақын арада бітіруді емес, сапалы болуын қамтамасыз етуді назарға алу қажеттігі айтылды.

– Шет аймақтар шет қалмайды. Айта кетейік, биылғы жылға қаланың шет аймақтарына 3 ойын алаңы құрылысын салу үшін қалалық бюджеттен қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылуда. Сондай-ақ демеуші мердігер мекемелердің қаражаты есебінен 50 ойын алаңын салу бастау алды. Ойын алаңдарының сапалы, қауіпсіз болуы – басты шарт, – деді қала әкімі.

Қазіргі уақытта «Бәйтерек» тұрғын ауданында – 1, Алшынбаев көшесінде – 1, Тәуелсіздікке 20 жыл көшесінде – 1 ойын алаңының құрылысы жүріп жатыр.

Бүгінде кезең-кезеңмен шеткі аймақтағы жолдар жөнделу үстінде. Жолды салып, көшелер тегістелгенмен артынша тағы бір мәселенің шеті шығады. Ол – жолдың сапасы. Расында, қалада жөнделген кейбір көшелердің бір жылға жарамай қайта бұзылып жатқанын көріп жүрміз. Тиісті қаражат бөлінген соң жұмысты сапалы жасауға міндетті. Себебі, бөлінген қаржының сұрауы бар екені белгілі.

Қала әкімі «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы ұзындығы 4 шақырым болатын 1-ші кіреберіс және ұзындығы 5 шақырым болатын 2-ші кіре беріс жолға орташа жөндеу жұмысын көрді. Жеңімпаз атанған мердігер мекеме «Қызылорда жолдары» ЖШС. Мұнда арнайы техникалардың көмегімен көшенің үстіңгі қабатын тегістеуде. Жұмыс барысын көрген қала басшысы серіктестік басшысына жолды сапалы әрі мерзімінде орындауды тапсырды. Асфальт қабатының қалыңдығы тиісті талаптарға сәйкес болу қажеттігі айтылды. Осыған орай, қала әкімі жауапты мердігерге кемшілік болмауын қатаң ескертті.

Қаланы көркейту-көгалдандыру үшін алдымен су қажет екені белгілі. Сондай-ақ жеке тұрғын үйлер аяқ судың тапшылығын сезініп жатыр. Осы орайда қала әкімі осындай ауқымды мәселенің шешімін табуды тапсырған болатын. Қазіргі уақытта Қорқыт Ата көшесі мен Т.Тілеулиев көшелерінің қиылысында жер асты суы ұңғымасының құрылысы бастау алған. Шаһар басшысы аяқ су құрылысының жұмысын өзі барып көрді. Алдағы уақытта кемшіліктер туындамауы үшін нәтижелі жұмыс жасау керектігін айтып өтті. Бүгінде ұңғыма арқылы шыққан жер асты суы арықтарға жіберілуде. Мердігер мекеме «Бақ-Береке» ЖШС жүзеге асырып жатқан жобаның жалпы құны 14,7 млн теңгені құрайды.

Биыл республикалық бюджеттен қаржы қаралып 31 дана аяқ су ұңғыламаларын орнату жұмыстары жасалады. Оның 12 данасы қалаға, 19 данасы кент және ауылдық округтерге орнатылады. Кезекті жоба Арай-2 мөлтек ауданында да сәтті жүзеге асырылды. Жер астынан шыққан су аталған аумаққа жіберіліп, тұрғындар игілікті іске алғыстарын білдіруде.

Құрылыс жүріп жатқан жұмыстарды аралап көрген қала әкімі күннің ыстығына қарамай ортақ мүдде үшін еңбек етіп жүрген құрылысшыларға алғысын білдірді. Сондай-ақ сала басшыларына жүзеге асуы тиіс жобалардың нәтижелі болуын тапсырды. Мекеме басшыларына әрбір істен сапа мен жауапкершілікті талап ететінін айтты.

Қала тұрғындарының игілігі жолындағы тоқтаусыз тірліктерді көрген адамның көңілі марқая түсері анық. Тек осындай ауқымды атқарылған іске жауапкершілік таныту қажет екенін тұрғындар түсіне білген жөн. Мәселен, балалар үшін салынған ойын алаңдарын күтіп ұстауда жанашырлық танытқаны дұрыс. Сонымен қатар көшедегі арық бойын таза ұстап, аяқ суды игілікке пайдалану арқылы қаланың көркеюі үшін өз үлестерін қосса құба-құп.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

УАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН, ҚОҒАММЕН ТІЛДЕСКЕН

Қазіргі кезде аймақтың медиа кеңістігінде 130-дан аса бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істейді. Заман талабына сай жаңару мен жаңғырудың жолын ұстанған бұл сала іргелі индустрияға айналды. Биыл Сыр өңірінде айтулы мереке ерте тойланды. Ең алдымен БАҚ қызметкерлері арасында еркін форматта караоке батл сайысы өткізілді. Сондай-ақ алғаш рет еліміздің барлық аймақтары қаламгерлерінің басын қосқан облыс әкімінің кубогы үшін шағын футболдан республикалық турнир ұйымдастырылды.

Шара барысында облыс әкімі сала ардагерлеріне ерекше құрмет көрсетті. Атап айтсақ, «Еңбек ардагері» медалімен Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясының атқарушы директоры Мұрат Шалабаев, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен «Тұран-Қазалы» сериктестігінің директоры, газеттің бас редакторы Ғазиз Әліш марапатталды. Сонымен қатар аға буын журналистер ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал облыс әкімінің Құрмет грамотасын алған журналистерге шипажайға жолдама берді.

«ШАҺАР КЕЛБЕТІ» НОМИНАЦИЯСЫ БҰЙЫРДЫ

Одан кейін ақпарат ағынынан қалмай, өз көрермендері мен оқырмандарына адал қызмет етіп, мамандығын қадір тұтқан БАҚ өкілдерінің үздіктері ерекше қошеметке ие

Басы 1-бетте

болды. Мереке қарсаңында қызылордалық біршама журналистерге облыс әкімінің арнайы номинациясы, алғыс хаты мен бағалы сыйлықтары табысталды. Айта кету керек, үздіктер қатарында «Ақмешіт апталығы» газеті де бар. Басылымның бас редакторы Әзиз Батырбеков «Шаһар келбеті» номинациясының иегері атанды.

АҚТІЛЕК БІТІМБАЙ – ЕҢ ҮЗДІК ЖАС ЖУРНАЛИСТ

Мереке қарсаңында журналист Сағитжан Бермағанбетов атындағы «Ең үздік жас журналист» атты дәстүрлі облыстық байқауы ұйымдастырылды. Оның мақсаты – жас журналистердің шығармашылығын шыңдап, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту. Байқауға жасы 30-ға дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер қатысты. Қатысушылардың еңбектерін сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, зерттеу әдістерін қолдана білуі есепке алынды.

Ең үздік жас журналистерді марапаттау сәтінде Сағитжан Бермағанбетовтің анасы Меруерт апай сахна төріне шақырылды. Облыс әкімі өткір сөзді, талантты перзентті дүниеге әкелген анаға құрмет көрсетті. Осы байқауда әріптесіміз «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Ақтілек Бітімбай «Ең үздік жас журналист» номинациясын иеленді.

Одан кейін Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы, «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев бір топ БАҚ өкілін Қазақстан Журналистер Одағының Құрмет грамотасымен марапаттады. Айта кетейік, биыл Қазақстанның «Құрметті журналисі» атағы ардагер-журналист Жаңабай Кемалға табысталған болатын. Сондай-ақ, әріптестіміз Нұрсұлтан Мықтыбаев Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ие болды.

Мерекелік шарада мәдениет майталмандарымен бірге журналистердің өздері де өнерін ортаға салып, әннен шашу шашты.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА
Суретті түсірген: **Н.НҰРЖАУБАЙ**

Құрметті қаламгерлер қауымы!

Сіздерді 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың хабаршысы болып қоғамдық ахуалдың алғы шебінде жүретін айрықша кәсіп иелерінің қызметі қадірлі де, құрметті! Кәсіби біліктіліктеріңіз бен шеберліктеріңіз үшін алғыс білдіре отырып, Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

Шығармашылықта толағай табысқа жете беріңіздер!

Мира ҚАЗБЕКОВА,
облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы

«ҰШҚЫР ҚАЛАМ – 2022»

ҚАЛАМ ҰСТАҒАН ҚАУЫМҒА ҚҰРМЕТ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай халықтың құлағы, көзі һәм тілі болып, билік пен бұқараның алтын көпіріне айналған сала мамандарының еңбектері еленді.

Дүйім жұртқа хабар таратып, жақсылықтың жаршысы болып жүрген журналистер қауымы үшін кәсіби мереке апта басынан басталған еді. Мереке қарсаңында қала әкімі Асылбек Шәменов өңірдің бірқатар БАҚ өкілін құттықтады. Бұл күн қаламыздағы «Грант Плаза» мейрамханасында журналистер қауымына марапат жауған күн болды. Жылдағы игі дәстүрге сәйкес, «Ұшқыр қалам – 2022» атты мерекелік шара өтті.

Қала әкімі Асылбек Шәменов қоғамдық-ақпараттық салада қызмет етіп жүрген журналистерге алғыс айтып, жылы лебізін білдірді.

Мерекелік іс-шарада Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, белгілі ақын Дүйсенбек Аяшұлының асқаралы 60 жасқа толуына орай қала әкімі сыйқұрметін көрсетіп, иығына шапан жапты.

Сонымен қатар осы салада талай жылдардан бері қызмет етіп, қоғамдағы күрмеулі мәселелерді қозғап жүрген журналистерді марапаттады. Олардың ішінде әріптесіміз «Ақмешіт апталығы» газетінің бөлім басшысы Ақмарал Олжабаева да бар екенін мақтанышпен айтамыз.

Іс-шара барысында «Сыр Медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев сөз сөйлеп, ыстық ықыласын білдірді.

Журналистерге Сыр елінің белгілі өнерпаздары мен «Мереке» вокалды-аспапты ансамблі әннен шашу шашып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

МҰНДА ТІЛ ҮЙРЕНУ ТЕГІН

Қазіргі кезде тілдерді оқыту орталығы мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер, кәсіпорындар мен басқа да ұйым қызметкерлеріне, сонымен қатар жеке тұлғаларға мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді оқытады. Яғни қарапайым қала тұрғынының да осы жерден мемлекеттік тілді, сондай-ақ орыс және ағылшын тілдерін үйренуге мүмкіндігі бар. Алайда бұл орталық тек кәмелет жасынан асқан тұрғындарға ғана қызмет етеді. Ал мемлекеттік қызметте жұмыс істемейтін қала тұрғындарын оқытуда еш шектеу жоқ.

− Оқыту орталығы арқылы 2016-2021 жылдар аралығында 10452 адам тіл оқыту курсынан өтті. Оның ішінде 4439 адам мемлекеттік тілді игерсе, 2411 адам орыс тілі және 3602 адам ағылшын тілін үйренді. Қазіргі таңда орталықта 35 маман қызмет етеді. Оның 21-і аудандарда, 14 қызметкер облыс орталығында. Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында 1152 адам тіл курстарынан өтті. Көбіне орталыққа ағылшын тілін меңгергісі келетіндер келеді, − дейді облыстық тілдерді оқыту орталығының басшысы Мартана Дәулетбаева.

Орталық оқытушылары Қызылорда қаласы және аудан орталықтары көшелерінде ілінген билбордтардағы көрнекі ақпараттардың орфографиялық, стильдік жағынан дұрыс жазылуын тексеру мақсатында рейд жұмыстарын да жүргізіп тұрады. Одан бөлек мекемелерге әдістемелік көмек кітаптарын тарату, іс-шаралар ұйымдастыру арқылы тіл саласын дамытуға оң үлестерін қосып келеді.

Облыстық тілдерді оқыту орталығы қала тұрғындары арасында ерікті түрде тіл үйренгісі келетін адамдар үшін кездесулер ұйымдастырады. Нәтижесінде арнайы ерікті топ құрылып, белгілі уақыт көлемінде тіл деңгейін оқып шығады. Курсты бітірушілерге арнайы куәлік немесе сертификат табысталады. Бұл туралы тілдерді оқыту орталығының оқуәдістемелік бөлімі басшысы Жанығүл Ерекешова айтып берді.

− Орталық «Мемлекеттік тілді деңгейлік оқыту», «Орыс тілін шет тілі ретінде жеделдете деңгейлік оқыту», «Ағылшын тілін жеделдете деңгейлік оқыту», «Сөйлеу мәдениеті» атты курстарды жүргізеді. Тіл үйренушілердің тілдерді белгілі бір деңгейде қиындықсыз меңгеруі үшін қажетті оқулықтармен, оқу-әдістемелік және көмекші оқу-құралдармен, сөздіктермен қамтамасыз етіледі. Мәселен, өз еркімен тіл үйренуге келгендерге мамандар сабақ өткізіп, тапсырма береді. Сонымен қатар арнайы кездесулер, семинар-тренингтер де өткізіп тұрады. Бұл тіл үйренушілердің оқуға деген құлшынысын арттыруға, сабақтарды қызықты өткізуге септігін тигізеді, − дейді бөлім басшысы Жанығүл Мұхитқызы.

Орталықта тіл үйренуге келгендердің қатарында өзі үшін оқитындармен қатар шетелге шығу, магистратураға тапсыру мақсатында тіл үйренетіндер бар. Тіпті IELTS, TOEFL секілді маңызды шет тілі емтихандарына орталықта дайындалып шетелге оқуға түскен, «Болашақ» бағдарламасымен білім алғандар да бар.

− Орталық туралы «Мүмкіндіктер алаңынан» біліп, ағылшын тілін оқимын деп шештім. Мұнда тіл үйрену тегін болғанымен ақылы курстардан артықшылығы болмаса, кемшілігі жоқ. Білікті де білімді мұғалімдердің арқасында қазіргі кезде тіл білу деңгейім де едәуір жоғарылады. Орталықтан ағылшын тілінің грамматикасын меңгеріп, еркін сөйлеуді үйреніп жатырмын. Бұл алдағы уақытта магистратурада білім алуыма септігін тигізбек, − дейді орталықта ағылшын тілін үйреніп жүрген тыңдаушы Зарина Жүсіпова.

Өрт сөндіру қызметі де орталықпен тығыз байланыста. 2011 жылдан бері әріптестік байланыс орнатып, тіл меңгеруде. Өрт сөндірушілердің ішінде ағылшын, орыс тілімен қатар мемлекеттік тілді оқитындар да бар.

− Алғашында өз ана тіліміз ғой, оның үйренетін несі бар деген ой болатын. Кейін орталықтан мемлекеттік тілді меңгеру кезінде біраз ережені білдік. Ол бізге қазақ тілінде іс қағаздарды жүргізуге көмектесуде. Орталық мамандарымен әрқашан тығыз байланыстамыз. Қандай да бір сұрақ туындаған кезде сол кісілерге жүгінеміз. Одан бөлек бірлесіп семинар, дөңгелек үстел мен жиналыстар да өткізіп тұрамыз. Қазіргі кезде біздің қызметкерлер үздіксіз тіл меңгеруде, − дейді өрт сөндіру қызметінің маманы Ақмарал Айдарбекқызы.

Орталық алдағы уақытта ересектерге тілдерді оқытып-үйретумен ғана шектелмей, өңірдегі ғалымдар мен тіл мамандарының, блогерлер, журналистер және тіл жанашырларының ұсыныс-пікірлері негізінде бас қосатын пікір алмасу алаңын ұйымдастыруды, сондай-ақ түрлі саладағы терминдермен жұмыс істеп, жоғары тұрған органға ұсыныстар енгізуді, әдістемелік құралдар дайындап шығаруды жоспарлауда.

Бір айта кетерлігі, орталық еш қиындықсыз қызметін атқаруы үшін ғимаратқа мұқтаж. Оқушылар мен оқытушыларға жағдай жасалуы маңызды болып тұр. Еш қиындықсыз тіл үйреніп, сабақ өту үшін дәрісханасы бар арнайы мекеме керек-ақ.

− Алға қойған жоспар көп. Соның бірі – ғимарат мәселесі. Қазіргі кезде біз дәрісхананы жалға алып отырмыз. Бұл мәселені шешу үшін арнайы орындарға хат жазып, ұсыныс-өтінішімізді білдіріп жатырмыз. Одан бөлек те бірқатар жоспар бар. Мәселен, облыс тұрғындарына латын қарпіне негізделген жаңа әліпбиді үйрету үшін дайындықты күшейтіп, тиісті жұмыстар атқарамыз. Міне, осы сарындағы өзіміздің қызметке байланысты жоспар көп, − дейді орталық басшысы Мартана Қонысбекқызы.

P.S. Көп тіл білетін адам биік белесті бағындырады. Бұл бүгінгі қоғамның шындығы. Сол себептен де соңғы кезде тіл үйренушілер қатары көбейді. Алдағы уақытта кем дегенде үш тілде еркін сөйлейтін адамға таң қалудан да қаламыз. Бұған бүгінгі мақалаға арқау еткен тілдерді оқыту орталығы да өзінің елеулі үлесін қосары анық. Тегіннің бәрі сапасыз емес және мемлекет қолдауынан қашудың да қажеті жоқ.

Бастысы − берілген мүмкіндікті пайдалана білген маңызды.

Басы 1-бетте

А.БІРКЕНОВ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына Қосымша Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 70-10-02 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

АЛАШТЫҢ АЯШҰЛЫ АЛПЫСТА

лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Берік Жүсіпов, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты Толыбай Абылаевтар арнайы келіп, құттықтап, өз ықыластарын білдіріп, жүрекжарды тілектерін жолдады.

Кеш барысында ғажап ғазал жырларымен оқырманын поэзияның інжу-маржанына малындыра білетін ақжүрек ақынның «Жұлдызым жоғары» кітабының тұсауы кесілді.

Алыстан ат терлетіп келген Елмұра Жаңабергенова да кеш сәнін кіргізіп, әдемі кешті әнмен әрледі. Руханияттың кешінде ақынның сөзіне жазылған «Жүрек сөзі», «Ғашығым», «Ана құдіреті», «Байқоңыр», «Шиелі», «Нұр-Астана» әндері шырқалды.

Дүйсенбек Аяшұлының «Дарияның өткелінде» өлеңіне қойылған бейнеқойылымда туған жер, өскен өлке алдындағы перзенттік қарыз бен парызды түйістірген Ботабайдағы балалық шағы көрсетілді. Ақыннын ардақтаған әлеумет мерейтой иесінің өлеңдерін көрермендер залына қойылған микрофондарға келіп, жатқа оқыды.

Алмас жырдың алдаспанына айналған, өмірін өлеңмен өрген, жүрегін жырмен табыстырған ақынды жазушы, драматург, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жолтай Әлмаш, жыршы, этномузыкатанушы, фольклорист, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының

Басы 1-бетте

Шара соңында үлкен руханият кешіне негізгі себепкер болған мерейтой иесі Дүйсенбек Аяшұлы сөз алып, өз ризашылығын білдірді. Мерейтой Сыр өнерпаздарының орындауындағы «Нұр-Астана» әнімен өз мәресіне жетті.

А.БАЙ

Өнердің сан салалы тармағының бірі – күйшілік. Күйді түсінген бөлек, тарту басқа. Сыр өңірінде жыршылық дәстүрмен бірге біте қайнаған күйшілік үрдіс бар. Осынау алып өнердің тінін тарқатып, тілін ұғысатын талантты өкілдің бірі – белгілі күйші Әлімжан Әбсадықов.
Руханият жаршысымен сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

Әлімжан ӘБСАДЫҚОВ, күйші:

«ЖЕТІ ЖАСЫМНАН ДОМБЫРА ТАРТТЫМ»

– Әлімжан Нағызханұлы, 2018 жылдан бастап шілденің бірінші жексенбісі – Домбыра күні болып аталып келеді. Қаншама жастар думанды кешке белсенді атсалысады. Осы жолға бет бұрған талантты жастарға ұсынысыңыз немесе кеңесіңіз бар ма?

– Осы іс шараға жыл сайын орталық алаңда, «Сыр сүлейлері» аллеясында, саябақтарда өнер мектебінің оқушылары мен колледж студенттері белсенді қатысып тұрады. Мұндай маңызды шараға қатысып жүрген өнер өкілдерін нағыз таланттар деп бағалауға болады. Алғаш қалыптасу деңгейі өнер мектебінен басталған жас өскіндердің өзі осы шараға ықылас танытып тұрады. Демек бұл шараның негізгі діңгегі өнер жұлдыздарын тәрбиелеу деп айтар едім. Жастарға айтар кеңесім қандай жағдайда да қазақтың қасиетті қара домбырасын қолынан тастамасын. Өйткені оның қоңыр үнінде тарихымыздың таңбасы, бабалар үні жатыр.

– Қанша жасыңыздан домбыра тартуды бастадыңыз?

– Домбыра тартуды жеті жасымнан бастадым. Яғни, бірінші сыныпқа барған кезімнен осыған ықыласым ауды. Бір күні үйге студент Мұратбек деген ағам гитара алып келді. Сол гитараның бір ішегінде Қазақ радиосынан естіп жүрген «Ақбұлақ» әнін теріп ойнап жүргенімді әкем көріп, маған домбыра жасатып әкеп берді. Содан домбырада басқа әуендердің нотасын теріп үйрене бастадым. Үшінші сыныпты бітіргенімде сыныптасым Қайрат Молдағалиев екеуміз Ескендір Хасанғалиевтің «Бозторғай» әнін орындаған едік. Сол жылы мектебімізге музыкалық училише директоры, белгілі ұстаз Есен Көшербаев келіп, музыка мектебіне балалар қабылдайтынын жеткізді. Содан үйірмеге жазылып, білім алдық. Бұл – 1978 жыл болатын. Бір жыл училише жанынан құрылған музыка мектебінде оқып, содан соң қаладағы №1 музыка мектебіне ауыстым. Сонда бес жыл білім алдым. 1984 жылы Қызылорда музыкалық училишесіне құжат тапсырып, студент атандым. Міне, содан бері домбыраны жанымнан бір елі тастаған емеспін.

– Қанша күй тартасыз?

– Нақты қанша екенін санамаппын. Қазақта күй қоры 5 мыңнан асады деген зерттеуші ғалымдар дерегі бар. Оның бәрін білу мүмкін емес әрине. Соның ішінен 150 күй тартсам аз емес деп ойлаймын.

– Қазіргі таңда «Домбыра пати» ұйымдастырылып жүргенін білесіз. Онда жастар саябақтарда жиналып, күй тартып, ән шырқайды. Күйші ретінде осы шараға көзқарасыңыз...

– «Домбыра-пати» шараларды әр кезде әртүрлі деңгейде ұйымдастырып жүр. Кәсіби білімі бар жастар күй тартып, өнерлерін паш етіп жатады. Бұл төл өнеріміздің дәріптеудің бір жолы деп есептеймін.

– Құпия болмаса күй орындаушыларының табысы қандай?

– Құпия ештеңесі жоқ. Мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейміз. Еңбек және білім беру заңнамаларының нормаларына сәйкес жалақы төленеді.

– Арманыңыз қандай?

– «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» дейді. Ол рас сөз. Адамның жасына сай әр кезеңде әртүрлі арманы болады. Десек те тәуелсіз елімізде әрбір қазақтың шаңырағының төрінде домбыра ілініп тұрса деп тілеймін.

– Ең алғаш қандай байқауда жеңімпаз атандыңыз?

– 1983 жылы қалалық музыка мектебінің халық аспаптар оркестрі құрамында республикалық «Өнерге қанат қаққандар» телефестивалінің жеңімпазы атандым. Жеке домбырашы ретінде 1987 жылы Алматы қаласында өткен 37-ші республикалық жас орындаушылар конкурсында екінші орын иеленіп, лауреат атанғанмын. Одан кейін талай мәрте жеңімпаз атандық. Дегенмен алғашқы жеңіс көңілге қуаныш ұялатады екен.

– Ел арасында домбыраның қоңыр үні жоғалып барады деген арагідік пікір естіп қаламыз. Бұл жастарға қатысты ма, әлде кәсіби домбырашыларда да бар дерт пе?

– Бұл – дерт емес. Қазіргі таңда домбыраны арқалап, бір оқудан екінші оқу оқып, конкурстан – конкурсқа қатысып жүрген жастарымыз көп. Сол домбыраның қоңыр үнін күмбірлететін сахнаның аздығы деп ойлаймын. Тағы бір айта кетерлігі, ел ішінде қойылып жүрген әрбір мерекелік концертте міндетті түрде күй орындалуы керек. Міне, сол кезде сіз бен біз айтып отырған домбыраның қоңыр дауысы ел санасына сіңісті болады.

– Күйдің тарихты ел жадында қалдырудағы рөлі қандай?

– Қазақтың күйі қазақтың әр кезеңдегі тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын көңіл-күйін бейнелеп, суреттеп отырған. Қазіргі таңда концерттер уақыт талабына сай асығыс өткізіледі. Күйдің тарихын айтып, көрермен халықты дайындап алып тартылған күй түсінікті де қонымды болады.

– Күйшілер бұрын таңнан-таңға ұрып күй жарыстыратын. Сол үрдіс қазіргі жас күйшілерде бар ма?

–Бұрынғыныңтаңнан-таңғакүйжарыстыратын үрдісі бүгінгінің әртүрлі деңгейдегі конкурстары. Жас домбырашылар кезең-кезеңімен бірнеше өңірдің күйлерін шебер орындап, күй тартыс дәстүрінде бақ сынап, тәжірибелерін жетілдіріп келеді. Ұрпақ сабақтастығы деген осы болса керек. Өнер мен тарих, әдебиет пен мәдениет бар жерде дәуір тынысы саналатын өнер сабақтастығы жасай бермек.

– Шәкірттеріңіз бар шығар?

– Бұған дейін толысқан тәжірибем мен алған білімімді өзімнен кейінгі жастарға үйретуді борышым санаймын. Сол себепті жастарға бағыт беріп, білгеніммен бөлісіп келемін. Елімізге белгілі «Құрманғазы», «Отырар сазы» оркестрінде және жоғары оқу орындары мен колледждерде қызмет жасап жүрген шәкірттерім бар.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан **Т.ШАЙДУЛЛАҰЛЫ**

Қасиет пен киє қонған Сыр топырағы – талай жылдан бері Сырдың бойын жайлаған елдің ата күлдігі, құт қонысы болып келеді. Осы ескі көңнің ерекшеліктері өнер мен мәдениетте, тілдік сипаттарда көрініп тұрады. Әсіресе, көмейге салып құмығыңқы үнмен нақыл сөздерді төгіп жататын жыршыларындағы өзгеше өріс кімді болса да ойландырары анық.

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ ЖЫР МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Сонау әрісі Сақтар мен берісі Оғыз замандарынан бермен келе жатқан киелі өнер біздің заманымызға дейін жалғасып келеді. Әрине, баяғы қадір-қасиеті әлсіреп, көсемдік деңгейден өнерпаздық деңгейге түсіп, саналық сәуле әлсіреген. Ұлы Қорқыттың дәуірімен салыстыруға келмейді. Әйтсе де, ұлы сүрлеудің ізінен жаңылмай, ата өнерді мұрат тұтқан жастар сананың түкпіріндегі әлсіз сәулеге еліктеп, өз әлінше тырбанып-ақ келеді. Заманның сұранысы жырға мұқтаж болмаса адам кінәлі емес. Түгел ел тәу етіп келген ұлы сүрлеудің отақ басқан тұсын әр дәуір өзі тазалап келеді.

Қанмен берілетін текті өнер өкілдері жағдайсыздығын білдірмей, түп санадағы ақсүйектік қалпының әлсіреген сездіргісі келмесе де, байқампаз жандардың зердесіне шаншудай қадалып, анық көрініп тұрады. Түп тұқиянымыздан хандардың ақылшысы, кеңесшісі болған асыл сөздің өкілдеріне Жаңа Қазақстандық көзқарас та, өзгергенін қалаймыз. Қарт Қаратаудан бастап, айдынды Аралға дейінгі ортаны кешегі кеңес үкіметі кезінде үш мектепке бөліп, мыңдаған өнерпаздар шоғырын үшке бөліп, әділетсіз шама жасады. 1986 жылдар шамасында Алматы қаласынан Мардан Байділдаев туған жеріне келіп, ұлы өнердің өшіп кетуінен қауіптеніп, Қармақшы ауданы білім бөлімімен келісіп, ауылдық мектептердің ішінен бір класс алуға қол жеткізеді. Сол класстарда Тұрмағамбет ауылында Тасберген жырау мектебі, жетекшісі Сүйінбай Ақбаев, Ақжарда Сәрсенбай жырау мектебі, жетекшісі Алшынбек Сәрсенбайұлы, Қармақшыда Жиенбай жырау мектебі, жетекшісі Бидас Рүстембеков, Рүстембек жырау мектебі, жетекшісі Шамшат Төлепова болып, өнерге қызметтерін бастаған.

Сол уақыттан бері қарай дәстүрлі жыраулық өнерді мектептерге бөліп қарайтын үрдіс пайда болды. Бұл дұрыс тенденция емес. Алаштың анасы атанған Сыр елі – күллі адамзат атаулының бастау тарихы. Адамға Алла тарапынан берілген барша нығмет атаулыға жаралған топырақтың үлесі бар десек, онда сол қасиет пен киенің ішінде өнер де бар. Демек, біздің бойымыздағы жыр өнері есте жоқ ескі замандардағы түп сананың жаңғырығы болмақ. Сол секілді Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған өңірлерінің де ешкімге ұқсамайтын, сол өңірге ғана тән ерекшеліктері бар.

Сондықтан ұлттың ұлағаты мен ақыл-нақылын дәріптейтін ұлы өнердің ауқымын тарылтып, шағын шеңберге салудан аулақ болуымыз керек. Мына шеті Арал, ана шеті Қаратауға дейінгі аралықтағы әрбір жыршы-жырауларымыз бен ақын-шайырларымыздың әркайсысы бір-бір мектеп.

Сөздің басында текті өнердің қайдан тамыр тартып келе жатқанын азғантай аңғартып өттік. Егер біз кеше ғана өткен өнерпаздардың атымен дәстүрлі өнеріміздің байланыстырар болсақ, өнер тарихына өте қиянат болар еді. Себебі біздің тұтынып жүрген текті өнеріміз адамзатпен бірге жасасып келеді. Сондықтан өңірлік ерекшеліктерге ғана бөліп қарау орынды болмақ. Сонда ғана өнердің өрісі кеңейіп, бетіндегі таңбалары өшірілуге айналған кәрі тарихтың ақиқи беті ашылады. Тарих пен адамзат бірге жасасып келе жатқаны рас болса, өнер де, оның ішінде жыраулық өнер де таңбалы тарихқа қызмет етіп келеді.

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ,
Жыршы, ҚР Мәдениет қайраткері,
облыстық қоғамдық кеңес мүшесі

Бетті дайындаған **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**

ЖАСТАР ТЕАТРЫ РУХАНИЯТ ЖАРШЫСЫНА АЙНАЛДЫ

А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде қалалық жастар театры өздерінің жетінші маусымын қорытындылады. Маусымның жабылуына орай өнер ұжымы белгілі режиссер-сценарист, ҚР Мәдениет қайраткері Оңталап Нұрмахановтың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты трагифарс спектаклін сахналады.

Оған қала әкімінің орынбасары Ақзира Қасымова, жазушы Сайлаубай Жұбатыров және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты.

Спектакльде Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының тағдыр тауқыметі мен өмірінің шиеленісті сәттері шебер суреттеліп, көрерменді ерекше әсерге бөледі. Талантты жастар хакім Абайдың дара болмысын ашуға талпынды. Бір айта кетерлігі, көрермендердің басым бөлігі жастар болғаны көңіл қуантады. Бұл – жас жеткіншектердің рухани мұрамызға деген құрметінің артып, қызығушылығы жоғары екендігін аңғартса керек.

Жастар театры азғана уақыттың ішінде түрлі жанрдағы көптеген спектакльдер сахналап үлгерді. Осы уақыт ішінде өз көрермендерін қалыптастырып, өзіндік орны бар іргелі ұжымға айналып келеді.

– Бұл – күрделі қойылым. Абай бейнесін сомдау маған үлкен жауапкершілік жүктеді. Сол замандағы қазақы болмысты сезініп, ақын тағдырын көрерменге жеткілікті деңгейде ұсынуды мақсат тұттым. Ұлы ақынның рухына тағзым ете отырып, тұлға танымын ашуға тырыстым. Режиссер – драматург шығармасына екінші өмір сыйлаушы. Бұл тұрғыда режиссер Оңталап Нұрмахановқа

ризашылығымды жеткіземін. Шығарма шыңына жетіп орындалып жатса ол – жастар театры ұжымының арқасы. Алдағы маусымда көрерменді жаңа қойылымдармен қауыштыру жоспарымыз бар, – дейді Абай бейнесін сомдаушы актер Мақсат Серіков.

Домбыра, мұнша шешен болдың неге?!

Ұлттық домбыра күніне орай қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №1 кітапхананың ұйымдастыруымен күй кеші өтті. Мерекелік шараға «Қарақат» студиясының домбыра үйренушілері қатысты. Домбыраны ұлықтау мақсатында кітап көрмесі қойылды.

Шараның мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыра отырып, рухани байлығын дамыту. Сондай-ақ қазақ халқының күйшілерін таныстыру, олардың күйін тыңдап, шығу тарихын өскелең ұрпаққа дәріптеу.

Қарақат студиясының жетекшісі Назерке Файзуллақызы ұлттық аспаптың құндылығын ұлықтап жүрген жан. Бүгінде ол қаншама шәкірт тәрбиелеп, домбыраның құлағында ойнап, түрлі күйді шертуді үйретіп жүр. Домбыра – халықтың қуанышы мен қайғы-қасіретін тең бөлісіп, қазақтың басын торлаған ауыр кезеңде жұбаныш бола білген ұлы аспап.

Шара барысында жас өнерпаздар домбыраның құлағында ойнап, күй тартып, дәстүрлі әндерді орындады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАНТ ҚАРБАЛАСЫ

2022 жылдың ақпан айының соңында Ресей мен Украина арасындағы соғыс басталғаннан кейін елде қант мәселесі басталды.

Ресейде ақпан айының соңынан наурыз айының аяғына дейін қанттың бір келісі 58-ден 78 рубльге жетті. Бұл баға қымбаттауын өндіріс шығындарының өсуімен, оның ішінде логистика саласы да бар, сонымен қатар сұраныстың да өсе түсуімен байланыстырады.

11 наурызда Ресейде кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу жөніндегі үкіметтік кіші комиссия дәнді дақылдарды ЕАЭО елдеріне, сондай-ақ қант пен қант өнімдерін одақтан тыс елдерге шығаруға тыйым салды. Бір айдан кейін Беларусь қантты экспортқа шығаруға тыйым салды. Беларусь үкіметі бұл жағдайды ішкі нарықты қорғау мақсатында жасалғанын түсіндірді. Ал 14 сәуірде беларустік қант өндірушілер 2016 жылдан бері өзгермей келе жатқан қант бағасын көтерді. Олар қант бағасының қымбаттауын Ресейдегі қант қымбатшылығымен түсіндіреді. Қантты елден жаппай әкету болжамын жасаған сарапшылар талдауынан кейін қант бағасын көтерген. Бұл елдердегі «қант қарбаласы» Қазақстанға да әсер етпей қалмады. Елге ең ірі қант жеткізуші Ресейдің сыртқа қант шығаруға тыйым салғаны туралы жаңалықтан соң елде дүрбелең басталды.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 2021 жылы республикада ішкі қант тұтыну көлемі 532 мың тоннаны құрады, 2022 жылға болжам-550 мың тонна.

Министрліктің мәліметіне сүйенсек, елдегі ішкі нарықтың қажеттілігінің 10 проценті ғана отандық шикізаттан қант өндіру есебінен, қалғаны ЕАЭО елдерінен дайын қант жеткізу және қант шикізатын өңдеу есебінен қамтамасыз етіледі екен. Елдегі «Қант, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі» қауымдастығының түсіндіруінше, жергілікті қант өндірушілер Беларусь, Ресей мемлекетінің сыртқа қант шығаруға тыйым салу жағдайына алдын ала дайын болмағанын түсіндіреді. Қауымдастықтың айтуынша, бүгінде елдегі қант зауыттары шикізатты өңдеу жұмысымен айналысып, мүмкіндігінше ішкі нарықты қамтамасыз етуге тырысуда. Елімізде қант қызылшасын өсіретін Алматы және Жамбыл облыстары. Осы өңірлерде қант қызылшасын өңдейтін өндірістер де бар. 2021 жылы қант қызылшасының егіс алқабы 14,5 мың гектарды құрады, жалпы жиналымы – 332 мың тонна, өнімділігі – гектарына 275,5 центнер. «2021 жылы қант зауыттары 227 мың тонна қант, өзіміздегі қызылша шикізатынан – 35 мың тонна (6,6%), шикізаттан – 191,1 мың тонна қант өндірді, бұл Қазақстанның әлі де қант импортына тәуелділігін байқатады», – деп мәлімдеген қауымдастық өкілі.

Ауыл шаруашылығы министрлігі 2026 жылға қарай қант қызылшасының егіс алқаптарын тұтыну көлемінің 80% - не дейін арттыруды жоспарлаған. Мамыр айының басында елде қанттың келісі 420-450 теңге болды. Бағаның өсуін электр энергиясы мен тасымалдау құнының қымбаттауымен байланыстырды. «Қант өндірушілер мен өнеркәсіптік өңдеушілер» қоғамдастығы ақ қант пен қант шикізатын бажсыз әкелуге квота алуға өтінім берді. ҚР кондитерлер қауымдастығы кәсіпорындарға 150 мың тонна мөлшеріндегі квота шеңберінде қант импорттайтынын хабарлады, бұл өтінім берген барлық қатысушылар арасында бөлінген.

Кондитерлік салада қант тапшылығы қатты сезіле бастады, себебі қант негізгі шикізат екені белгілі. Тағы бір атап айтарлығы, бағаның өзгеруі кондитерлік өнімнің өзіндік құнының өсуіне әкеледі.

Бұл жағдай отандық өндірушілердің импорттық кондитерлік өнімдермен бәсекеге қабілеті төмендейтінін жеткізді кондитерлер қауымдастығы. Кондитерлердің айтуынша, кәсіпорындарда 1 айға жететін ғана қор қалған. Алайда олар жеткізудің әртүрлі мүмкіндіктерін, соның ішінде алыс шетелдерді – Үндістан, Сингапур, Бразилияны қарастыруда. Бірақ жеткізу 40 күннен асатындықтан қоймалар бос қалып, зауыт жұмысы тоқтап қалуы мүмкін. «Зауыттардың тоқтап қалу қаупі жоғары. Біз Ауыл шаруашылығы министрлігі өтініш берушілерге квота бөле отырып, жағдайды бақылайды деп үміттенеміз», – деп атап өтті кондитерлер қауымдастығы.

Мамыр айының ортасында Ауыл шаруашылығы министрлігі елдегі қанттың жеткілікті қоры туралы хабарлады: 14 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстандағы қант қоры 33 мың тоннаны құрады, оның ішінде тұрақтандыру қорларында – 5,4 мың, қоймаларда – 4 мың, сауда желілерінде – 18,7 мың. «Сондай-ақ қант зауыттарына ай сайын 15-20 мың тонна көлемінде өңдеу үшін шикізат әкелу үздіксіз жүзеге асуда», - деп хабарлаған министрлік. «Тараз және Көксу қант зауыттарында қант шикізатын үздіксіз жеткізу және өңдеу жүзеге асуда. Сондай-ақ, айдың соңына дейін өнеркәсіптік өңдеу үшін (кондитерлік өнімдер, сусындар және т.б. өндіру) және сауда желілеріне, ішкі тұтыну үшін ӘКК-ге ақ қант жеткізу басталады деп жоспарлануда, – деп атап өтті ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Жеңіс Өсербай.

Маусым айының басында елдегі кондитерлік өнімдердің ірі өндірушісі – шымкенттік «Рахат» зауытының тоқтап тұрғаны белгілі болды. Зауыт өкілінің айтуынша, қант жетсіпеушілігінен шілде айына дейін жұмысты тоқтатуға мәжбүр болған. Компания қант өнімдерін, оның ішінде карамельдер мен ирис кәмпиттерін шығаруды тоқтатқан. Жалпы, қант тапшылығы қант өнімдерін шығаратын барлық кәсіпорындарда байқалады. Алматының тәтті сусындар шығаратын бірнеше кәсіпорнының өкілі қант

қоры жеткілікті екенін, өндіріс жоспар бойынша жүріп жатқанын хабарлады. Соңғы бес жылда Қазақстан жылына 400 мың тоннадан астам қантты тұрақты импорттайды. Соңғы жылдары жағдай өзгерді: 2020 жылы 489 мың тонна импорт кезінде әкелінген көлемнің 64% - і РФ-дан қант құрады, ол ҚР-ға бажсыз келеді, ЕАЭО-дан тыс елдерден келетін импортқа 35% тариф салынады. Ресейлік шикізат өндірушілердің проблемаларына байланысты ЕЭК 2021 жылғы желтоқсанда үшінші елдерден қантты бажсыз әкелуге квоталарды 2022 жылғы тамызға дейін, яғни 2022 жылғы егіннің ішкі шикізаты нарыққа түскенге дейін рұқсат етті. Бастапқыда квота 780 мың тонна деңгейінде белгіленді, оның 250 мыңы ҚР-да болды. Ресей Федерациясы қант шығаруды жапқаннан кейін, ІЕС квотаны 915 мың тоннаға дейін кеңейтті, оның 350 мыңы ҚР-ға тиесілі болды. Мамыр айында кондитерлер қауымдастығы өнеркәсіптік қайта өңдеушілердің қажеттілігін ескере отырып, квоталарды екі есе ұлғайтуды талап етті. Еуразиялық қант қауымдастығы осы жылдың маусым айының басында алты ай ішінде (өткен жылдың желтоқсанынан бастап) квотаның игерілгені туралы бастапқы квотаның 36%-і және кеңейтілген квотаның 31%-і деңгейінде хабарлады.

15 маусымда «Ашық НҚА» порталында АШМ басшысының қант импорты туралы қолданыстағы бұйрығына өзгерістер жобасы пайда болды. Құжатқа сәйкес импорт жүзеге асырылуы мүмкін мерзімдер кеңейтіледі: 31 тамыздан 30 қыркүйекке дейін. Квоталарға өтінімдер 1 шілдеден бастап бөлінеді. Көп бөлігін қант зауыттары алады – шикі қант пен ақ қантты әкелуге квоталардың 85%-і (бұл ретте бір өтініш берушіге 30 мың тоннадан аспайды), қалған 15%-і ақ қантқа тиесілі және құрамында қант бар өнімдерді өндірушілерге арналған. Ресурстың бір өтініш берушінің қолында шоғырлануын болдырмау үшін АШМ 7 шілдеден бастап бөлінген квотаның нақты игерілуі туралы есептілік енгізеді. Сондай-ақ квота алған өтініш беруші сұратылған көлемнің кемінде 30% - і төленгені туралы және тауарды тиеп жөнелту фактісі туралы есеп беруге тиіс.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

CNN CNN CNN

РЕСЕЙ-УКРАИНА: САЯСИ СОҒЫС

Украина президенті Владимир Зеленский сәрсенбіде 10 ресейлік зымыранның оңтүстіктегі Николайев қаласында «азаматтық нысандарға» тиіп, кемінде бес адамның қаза тапқанын айтты.

«Сонымен қатар Очаково, Днепр, Харьков пен Сумск облыстары да Ресей шабуылының астында қалды. Бұл шабуылдың барлығы Ресейге жасалған әлемдік қысымның әлі де аз екенін көрсетеді», – деді Зеленский.

Украина қарулы күші өздерінің «сәтті операциясын» жүзеге асырғаннан кейін ресейлік әскер Жыланды аралдан кеткенін мәлімдеді. Дүйсенбіде украина әскері аралдағы ресейдің екінші зымыран кешенін жойғанын және ұстау барысында бірнеше ресейлік жауынгердің көз жұмғанын айтты.

АҚШ президенті Джо Байден мен оның НАТО-дағы әріптестері бейсенбі күні қорғанысты күшейту мақсатындағы саммитке қатысты. Алайда жиында қабылданған санкциялар, саны артқан әскери көмек, НАТО күшін арттыру шаралары дәл қазіргі кезде Ресейге қолайлы болып отырған соғыстың қаншалықты өзгертетіні белгісіз.

Одан бөлек Ұлыбритания премьер-министрі Борис Джонсон бейсенбідегі НАТО саммитінде Ұлыбритания Украинаға тағы 1 миллиард фунт стерлинг әскери қолдау көрсететінін айтты.

«Қаржыландыру көлемі артқан бұл көмектің артуы халықаралық қауымдастықтың Украинаны қолдауының жаңа деңгейін көрсетеді», – деп Джонсон заманауи әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелері, ұшқышсыз ұшу аппараттары, инновациялық электронды соғыс техникасы және украиндық жауынгерлер үшін өмірлік маңызды жабдықтар жеткізетінін айтты.

БҰҰ-ның Украина бойынша тұрақты үйлестірушісі 16 миллионға жуық украиндық гуманитарлық көмекке мұқтаж екенін айтты. «Бүгінде Украинада 16 миллионға жуық адам гуманитарлық көмекке – суға, азық-түлікке, медициналық қызметтерге, баспанаға және қорғанысқа мұқтаж», – деді Оснат Лубрани. Ол сондай-ақ қақтығыс салдарынан осы уақытқа дейін кемінде алты миллион адам ел ішінде қоныс аударғанын және 24 ақпандағы басқыншылықтан кейін тағы 5,3 миллион адам шетелге қашып кеткенін айтты.

НАТО-ның Бас хатшысы Йенс Столтенберг азық-түлік дағдарысының шиеленісуіне НАТО мүшелерінің Ресейге қарсы санкциялары себеп болғанын жоққа шығарды.

«Президент Путин мен Қытай қазір түрлі жалған ақпарат таратқанына қарамастан, азық-түлік дағдарысы НАТО санкцияларынан туындамағанын айтқым келеді. Бұған президент Путиннің соғысы себеп болды және азық-түлік дағдарысын тоқтатудың ең жақсы жолы – соғысты тоқтату», – деді Столтенберг.

Сонымен қатар «Ол Украина қарулы күшін, басшылығы мен украин халқының батылдығын мүлде бағаламады, сонымен қатар НАТО мен Украинаны қолдаудағы серіктестердің бірлігін назарға алмады», – деген Столтенберг Путиннің қателік жасағанын алға тартты.

Сәрсенбіде ресейшіл сепаратистер бақылауындағы Дамаск Донецк Халық Республикасы мен Луганск Халық Республикасының тәуелсіздігін мойындағаннан кейін Украина Сириямен дипломатиялық қарым-қатынасты үзгенін хабарлады.

«Украина Сыртқы істер министрлігі Сирия Араб Республикасының Украинаның Донецк және Луганск облыстарындағы уақытша басып алынған аумақтардың «тәуелсіздігін» тану туралы шешіміне үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Біз бұл шешімді Украинаға қарсы әрекет деп қабылдап, мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығына қол сұғу және Украина заңнамасын, БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқықтың негізгі нормалары және принциптерін өрескел бұзу деп санаймыз», – делінген министрліктің мәлімдемесінде.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

БРИФИНГ

ДЕТЕКТИВТІ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

Жазушы Кемел Тоқаев атындағы республикалық детективті шығармалар байқауы биыл Қызылорда облысында өткізіледі деп жоспарлануда. Оған жас қаламгерлер мен оқушылар қатысады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Журналистер Одағының мүшесі, «Заң Медиа» корпорациясының Қызылорда облысындағы арнаулы өкілі Әмірбек Шаймағамбетов хабарлады.

– Конкурс еліміз бойынша биылғы жылы бесінші мәрте өткізілмек. Бұған дейін Алматы қаласында екі рет, Алматы облысында және өткен жылы Түркістан облысында аталып өтілді. Жақында облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы «Заң Медиа» корпорациясының басшысы Досымбек Өтеғалиевті қабылдаған еді. Кездесуде республикалық байқауды Сыр елінде өткізу туралы ұсыныс айтылып, аймақ басшысы қолдау білдірді. Айта кетейін, Кемел Тоқаев атындағы республикалық детективті шығармалар байқауына қатысуға шектеу қойылмаған. Сонымен қатар конкурс талабына сәйкес әрбір шығарма толықтай талданып, күзде жеңімпаздар анықталады, – деді Әмірбек Шаймағамбетов.

Брифинг барысында жазушы Кемел Тоқаев атындағы республикалық детективті шығармалар байқауының 2021 жылғы бас жүлдегері, республикалық «Таңшолпан» әдеби-көпшілік журналының бас редакторы Нұрлыбек Сафин детективті жанрдың ерекшелігін айтып, көпшілікті байқауға қатысуға шақырды.

– Өткен жылы жазушы Кемел Тоқаев атындағы II республикалық детективті шығармалар бәйгесінде Әмірбек Шаймағамбетовтің идеясымен детективті, деректі көркем әңгіме жаздық. Әңгімеге Қызылорда облысында 1990 жылдан бері болған оқиғаларды арқау етіп, ауыр қылмыстардың ашылуын зерттедік. Біздің елімізде детективті жанр айтарлықтай дамымаған. Сол үшін жас қаламгерлерді, оның ішінде детектив жанрына қызығушылығы бар азаматтарды байқауға қатысуға шақырамын, – деді Нұрлыбек Сафин.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІЗДЕУДЕ ЖҮРГЕН КҮДІКТІ ҰСТАЛДЫ

24 маусымда Қызылорда облысы полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері мен Қарағанды облысы ПД Криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері бірлесіп жедел іздестіру шарасын жүргізді. Шара барысында тергеуден бой тасалап, халықаралық іздеуде жүрген Қызылорда облысының тұрғыны Қарағанды қаласында ұсталды.

Ол Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бабының 2-бөлігінің 7,9-тармақтары, яғни бұзақылық ниетпен, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен өлтіруге оқталып, қылмыс жасаған деп айыпталуда.

Ұсталған күдіктіге қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалды. Полицейлер күдіктіні Қарағанды қаласындағы саябақтардың бірінде ұстаған. Қазіргі уақытта ол уақытша ұстау изоляторына қамаққа алынды.

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІНЕН АЙРЫЛСА ДА КӨЛІК ЖҮРГІЗГЕН

7 жылға жүргізуші куәлігінен айырылса да мас күйінде көлік тізгініне қайта отырған.

Қызылорда қалалық полиция басқармасының қызметкерлері көшелердің бірінде жол жүрісі қағидаларын бұзған жеңіл автокөлікті тоқтатты. Құжаттарды тексеру барысында мас жүргізуші бұрын сот шешімімен куәлігінен айырылса да тағы мас күйде көлік айдағаны анықталды. Құқық бұзушы уақытша ұстау изоляторына қамалып, автокөлік айып алаңына қойылды.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 346-бабының 1-бөлігімен, яғни көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.

КІРПІШПЕН ҰРҒАН

Қала тұрғынын белгісіз екі азамат кірпішпен ұрып соғып жатқандығы қалалық полиция басқармасының жедел басқару орталығының бейнебақылау камерасына түсіп қалған. Анықталған оқиғаға байланысты дереу қала аумағында болған қылмыс туралы патрульдік полиция қызметкерлеріне бағыт-бағдар берілді. Жедел тергеу тобы оқиға орнында 43 және 37 жастағы масаң күйдегі азаматтарды ұстады.

Қазіргі уақытта аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 107-бабының 2 бөлігі, яғни денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Күдіктілерге қатысты ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат түрінде бұлтартпау шарасы таңдалды. Полицейлер оқиғаның мән-жайын анықтауда.

ІРІ ЕСІРТКІ АЛҚАБЫ ЖОЙЫЛДЫ

«Қарасора-2022» жедел-профилактикалық шарасы кезінде Қызылорда облысы ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы мен ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр департаменті мен Шиелі АПб-нің қызметкерлерімен бірлесіп 34 жастағы қала тұрғыны Шиелі ауданына қарасты далалық жерде қалың сексеуілдер арасында 1665 түп сора өсімдігін еккені үшін ұсталды.

Одан бөлек оқиға басынан ұсталған күдіктіге жеке тінту жүргізу барысында одан кептірілген марихуана есірткі заты алынды. Сараптама қорытындысына сәйкес заттай дәлелдеме ретінде алынған зат жалпы салмағы 8 келі сора өсімдігі мен 657,14 грамм кептірілген марихуана болып шықты.

Күдікті Шиелі аудандық полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына оқшауландырылды.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 296-бабының 3-бөлігімен, яғни ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау және 300-бабының 2-бөлігімен, яғни ірі мөлшерде құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз егіп-өсіру бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ,
мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3563 **Тапсырыс №1080**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ